

**ТАРИХ.  
ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ  
ӘДІСНАМАСЫ**

**ИСТОРИЯ.  
МЕТОДОЛОГИЯ  
СОВРЕМЕННОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ**

**HISTORY.  
METHODOLOGY OF  
MODERN EDUCATION**

ӘОЖ 378.22

А. Айтбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудағы  
күзiреттiлiк талаптарының маңызы**

**Аңдатпа.** Мақала жоғары оқу орындарында мамандар даярлаудың сапалық көрсеткіші ретіндегі болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі мәселелеріне арналған. Маманның күзiреттiлiгi тұжырымдамасының негізгі сипатының бірі әлеуметтік өзгерістер мен олардың даму үрдісінің динамикасы мен жүру барысындағы субъектінің рөлі және ықпал ете алу мүмкіндігінен туындайды. Мамандану күзiреттiлiгiнiң бұл талаптары мемлекеттің білім берушілік саясатымен анықталады. Бұл мақалада білім берушілік бағдарламаларды жобалауда аса өзекті болып табылатын құрамды бөліктердің өзара байланыстарын анықтауға тырыстық.

**Түйін сөздер:** жоғары оқу орындары (ЖОО), мамандарды дайындау, білім берушілік бағдарламаларды жобалау.

Өлшемі кәсіби күзiреттiлiк болып табылатын жоғары оқу орындары (ЖОО) түлектерін дайындаудың сапасы ЮНЕСКО ұсыныс-талаптарының позициясынан қарастырылады. Кәсіби күзiреттiлiкке деген концептуалды талаптардың мәні еңбектің, жалпы өмір сфераларының өнімділігін арттыруға қажетті білімді, шеберліктер мен дағдыларды кеңейтуді көздейді. Таза өндірістік, еңбектік білім, шеберлік, дағдыларды өмірге қажетті, соның ішінде белсенді азаматтық парызды атқару мен еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін денсаулықты сақтау мен қорғауға, демографиялық дамуға, салт-дәстүр мен мәдениетті сақтап дамытуға, табиғи ресурстарды үнемдеп пайдалануға, қоршаған ортаны қорғай отырып, экологиялық қауіп-қатерлерді төмендетуге қажетті білімдермен, шеберліктермен және дағдылармен ауыстыру индивидтің қызығушылықтарының жан-жақтылығын және оны даму үрдісінде қолдауды көрсетеді.

Адам күзiреттiлiгi концепциясына тән

ерекшеліктердің бірі – субъектінің әлеуметтік өзгерістердегі рөлінің артуы және оның даму процестері динамикасын түсіне отырып, олардың жүру барысына ықпал ете алуы.

Өткен жылдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері, сондай-ақ дүниежүзілік практикадағы білім беру дамуының бағыттарын талдау – білім беру саласының ашық жүйе ретіндегі дамуының қажеттілігін айқындайтын бірнеше әдістемелік бағдарларды бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

- өзін-өзі танып білу мен өз мүмкіндіктерін іске асыру жолындағы білім алудың жеке тұлғалық мәнін күшейту (үзбей білім алу);
- білім берудің құндылық мәнін, оның рухани-адамгершілік маңызын көтеру (білім берудің бейбітшілік пен келісім үшін қызмет етуі);
- білім беру ісінің оқушының тұлғасын ұлттық құндылықтарды игеруші және тасымалдаушы ретінде қалыптастыру тұрғысындағы рөлін күшейту (білім беру прогрестің факторы ретінде);

- бiлiм беру мазмұнында әлемнiң тұтастығы мен адамның оның бiр бөлiгi екендiгi туралы ұғымды қалпына келтiру (өмiр мен еңбек үшiн бiлiм алу);

- оқушыларды табиғи әлемдi сақтауға және аймақтық және жаһандық көлемдегi экологиялық проблемаларды болдырмауға күш салуға бағыттау (бiлiм беру – ғаламдық ойлауды қалыптастырудың құралы және шарты ретiнде);

- барлық адамдар үшiн сапалы бiлiм алуға және оған жету жолында тең мүмкiндiктермен қамтамасыз етуге жағдайлар жасау (барлық адамдардың тең бiлiм алуы);

- бiлiм беру үрдiсiне бүкiл қоғамды тарту және бiлiм берудiң сапасын жақсартуда әлеуметтiк тең қарым-қатынастар орнату (бiлiм беру iсi ашық жүйе ретiнде).

Бiздiң ойымызша, елдiң экономикалық, әлеуметтiк-мәдени жағынан нық тұруындағы шешушi факторлардың бiрi ретiндегi бiлiм берудiң неғұрлым жетiлдiрiлген моделiн жасақтауда бұл бағдарлар реттеушi құралдар рөлiн атқаруы тиiс. Осындай көзқарастар тұрғысынан қарағанда бұл мiндеттердiң барлығы қоғамның негiзгi ресурстары болып табылатын адамдық және ақпараттық капиталдарды жұмылдыратын **бiлiм беру нәтижелерiне** тiкелей байланысты.

Кәсiби күзiреттiлiктiң бұл талаптары мемлекеттiң бiлiм берушiлiк саясатымен айқындалады. Ресей ғалымы Д.В. Чернилевскийдiң ойынша қазiргi күнгi мемлекеттердiң бiлiм берушiлiк саясатында шешудi рөлдi *таңдау еркi* ұғымы атқаруы тиiс. Оған – мемлекет, қоғам және тұлға үшiн маңызды нәтижелерге алып келетiн сәйкестi философиялық-бiлiм берушiлiк парадигмаларда, саяси доктриналарда және стратегиялық концепцияларда, сондай-ақ түрлi бiлiм берушi-тәрбиелеушi стандарттарда негiзделген бiлiм берушiлiк мақсаттар мен құндылықтарды, технологияларды таңдау еркi, бiлiм берушiлiк iс-әрекеттiң жолдары мен әдiстерiн дифференциациялау жатады.

Өзiнiң тұлғалық және кәсiби әлеуетiн iске асыруын қамтамасыз ету және қоғамның сұраныстарын қанағаттандыру үшiн мамандарды жоғары оқу орнында даярлау қандай болу керек? Д.В. Чернилевский бұл мәселенiң шешiмiн екi жағынан көредi:

1) болашақ маман тұлғасына деген талаптарды оның өзi, белгiлi бiр шаруашылық субъектiсi, мемлекет пен қоғам айқындауы тиiс;

2) осы талаптарға сәйкес келетiн идеалды бiлiм берушiлiк технологияларды таңдау.

Қазiргi күнi жоғары бiлiм беру жүйесi нарықтық өзгерiстер контекстiнде дамып отыр. Сондықтан оның функцияларына кейбiр экономикалық категорияларды қолдану қажет болып отыр. Олар: «нарық», «тауар», «сұраныс», «ұсыныс», «бәсеке», «бәсекеге жарамдылық», «маркетинг».

Осы ұғымдардың өзара байланысын ЖОО-ның басты нәтижесi – болашақ маман бiтiрушi түлекке қатысты қарастырып көрейiк.

**Маманға нарықтық көзқарас.** Нарықтық экономиканың сәнтүрлi сұраныстары арасындағы ең бастысы – жоғары интеллектуалдық, мәдени, рухани-адамгершiлiк, тән тұрғыдан дамыған тұлға және оның осы сапаларын iске асыра алуы; сонымен бiрге кейбiр ұйымдар мен өндiрiс орындарының және жалпы алғанда, қоғамның жоғары кәсiби мамандарға деген сұранысы, ғылыми-техникалық және мәдени әлеуеттi жинақтау мен пайдалану. Бұл сұраныстарды орындау, әрине, ЖОО-ның басты мiндетi.

Жекелеген ЖОО-ның бұл сұраныстарды қанағаттандыра алу деңгейi оның құрылу уақыты мен тарихына, материалдық-техникалық, ғылыми, ақпараттық-әдiстемелiк базасы мен оқытушыларының әлеуетiне тiкелей байланысты. ЖОО-ның жұмысының маңызды өлшемдерiнiң бiрi шығарылатын өнiмнiң, яғни бiтiрушi түлектiң сапасы.

ЖОО-ға қатысты айтар болсақ, өндiрiстегi монополизмнiң жоғары деңгейiне қарағанда бiлiм беру саласындағы монополизм үлесi өте төмен. Мұның себебi – ЖОО-ның бiлiм беру қызметтерiн, оқу-әдiстемелiк және ғылыми-техникалық өнiмдi ұсынушы ретiндегi бәсекелестерi жеткiлiктi. Осы себептен жоғары оқу орындары абитуриенттер (студенттер) болып табылатын өз пайдаланушылары үшiн бәсекелестiк күрес жүргiзуге мәжбүр.

Осылайша, ЖОО-лар абитуриенттер, ақшалай қаржы, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстар, ғылыми-педагогикалық мамандар үшiн мектеп түлектерiне жұмыс ұсынатын өндiрiс орындарымен, басқа да оқу

орындарымен жарысқа түсуде. Мұның өзі оларды өзгеріп отыратын конъюнктураға тез назар аударып шұғыл бейімделуге мәжбүр етеді.

Егер абитуриенттер мен студенттер білімдік қызметтерді пайдаланып, сатып алушы ретінде рөл атқарса, ал бітіруші түлектер өзінің кәсіби білімі мен дағдыларын тауарға айналдыруға және тиімді сата алуға тиіс. Бұл жерде, әрине, сатып алушы жақ ретінде жұмыс берушілер (өндіріс орындары мен мекемелер) аукционға шығады. Олар да, студенттер сияқты білім берушілік қызметтерді ұсынушы ЖОО-ның саясатына зор ықпал жасайды.

Басып айта кететін тағы бір жағдай – еңбек рыногындағы кейбір мамандықтарға, квалификацияларға деген сұраныс динамикасы қазіргі күнгі Қазақстанда оларды дәстүрлі түрде дайындаумен қарама-қайшылыққа түсіп отыр. Бұл студенттердің негізгі пәндер цикліне қоса қосымша дағдыларды игергісі келетіндігінен көрініп отыр. Олардың қызығушылықтары қазіргі күні экономика, менеджмент, халықаралық қатынастар, шет тілдеріне қарай ауысуда. Бұл қызығушылықтардың шығу көздері түсінікті, бірақ бұл қосымша дайындық (көп жағдайда қосымша ақы төлеуді қажет етеді) та қатаң регламенттенген дәстүрлі даярлықтың оқу графигімен үйлеспей жатады.

Елдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің түбегейлілігіне байланысты сұраныс пен қажеттіліктер арасындағы айырмашылықтар күн санап өсіп отыр.

Қысыл-таяң жағдайдан шығу үшін отандық ЖОО шетелдерде соңғы 30-40 жылдар ішінде сынақтан өткен тиімді құрал ретінде маркетингтік зерттеулерді жүргізуді бастауға мәжбүр болып отыр.

**Маркетинг** дегеніміз – айырбастау арқылы тауарға, көрсетілетін қызметтерге, адамдарға, территория мен идеяларға деген сұранысты алдын ала көру, басқару және қанағаттандыру. ЖОО-ның жұмысында маркетингтік тұрғыларды қолданғанда, ең алдымен, конъюнктураны зерттеп, болжап алу қажет.

**Конъюнктура** дегеніміз – өз құрамына сұраныс пен ұсыныс арақатынасын, баға мен тауар қорларының қозғалысын, салалар бойынша тапсырыстар портфелі мен басқа да экономикалық көрсеткіштерді ендіретін қалыптасқан экономикалық жағдаят.

Көп жағдайда ЖОО-ның коммерциялық емес, пайда таппайтын ұйым екенін ескере отырып, конъюнктураны зерттеген кезде тек экономикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік, психологиялық және саяси факторларды да талдаған жөн. Қазіргі қалыптасқан жағдайда, мұндай зерттеушілік жұмысты индивидуалдық деңгейде әрбір оқу бітіруші түлектің өзінің жүргізуіне тура келіп отыр.

Нарықтық экономика жағдайында мамандарды даярлау мәселесіне жасалған осы қысқаша талдау – болашақ маманға еңбек рыногының конъюнктурасын ескере отырып, өзінің мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес тиімді түрде бәсекеге түсіп, өз әлеуетін іске асыра алатындай сапалар мен қасиеттер кешенін зерттеуге және айқындауға негіз береді.

Бұл мақсатқа білім беру процесінде тар **кәсібилік пен әмбебаптық қасиеттерді біріктіруге** деген кешенді жекетілғалық сұраныс саналы түрде қалыптасып дамығанда ғана қол жеткізуге болады.

Бәсекеге қабілеттілік ұғымы отандық педагогикада зерттелмеген салалардың бірі.

Кез келген тауардың бәсекеге қабілеттілігі үш топ элементтен тұрады: техникалық, экономикалық және әлеуметтік-ұйымдастырушылық. Егер бұл элементтерді болашақ маман тұлғасына қатысты алатын болсақ, біз төмендегідей параметрлерді аламыз:

- техникалық – мамандық және мамандану, сағат, пән, модуль, дайындау деңгейі, стандартқа сәйкестігі өлшеміндегі игерілген бағдарлама көлемі; қолданылу аймағы мен шекаралары; нәтижеде алынатын құжат, т.б. (бұл ең қатаң параметрлер);

- экономикалық – бүкіл шығындарды есептегендегі маман дайындауға кететін қаржы;

- әлеуметтік – ұйымдастырушылық – пайдаланушылардың әлеуметтік құрылымын (түлектердің өздері мен жұмыс берушілер); өндірісті ұйымдастыруда ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескеру, яғни түлектерді дайындау, жұмысқа орналастыру және болашақ маманды жарнамалау.

Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі көп жағдайда ЖОО-ның өздерінің де бәсекеге қабілеттілігін анықтайды.

Оқу мекемелеріне қатысты алғанда, өндірушіге бәсекелестік үстемдік жағдай жасай-

тын *жалпы басқару факторлары* да назар аударарлық:

1) барлық және әрбір қызметкердің бастаған істі жалғастыруға ұмтылуы;

2) мекеменің клиентке жақындығы;

3) өндіріс орнында автономиялық және шығармашылық атмосфераның құрылуы;

4) адамдардың қабілеті мен олардың жұмысқа деген ынтасын пайдалана отырып өнімділікті арттыру;

5) өндіріс ұйымы үшін маңызды жалпы құндылықтарды жариялап отыру;

6) өз дегенінде нық тұру;

7) ұйымдастырудың қарапайымдылығы, қызметшілер мен басқару деңгейлерінің мейлінше азайтылуы;

8) бір мезгілде әрі жұмсақ, әрі қатал бола білу. Ең маңызды проблемаларды қатаң бақылауда ұстай отырып, қол астындағыларға мәні төмендеу мәселелерді беріп отыру.

Осылайша, болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі ұғымы күрделі проблемаға келіп тіреледі: қандай қабілеттіліктер, сипаттар, қасиеттер, білімдер мен шеберліктер – ЖОО түлегінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді немесе тіпті кепілдейді? Идеалды вариантта бұл үшін ЖОО немесе басқа да білім мекемелері, яғни бүкіл білім беру жүйесі соның негізінде білім берудің әр деңгейі өзіндік жеке модельдерін жобалайтын бәсекеге қабілетті маманның жалпылама моделін жасауы тиіс. Бұл жағдайда олар (жалпы модель және жеке модель) *білім беру құрылымы жұмысының мақсаты* сапасында анықталып, *жүйеқұраушы фактор* функциясын атқарар еді.

Маманның бәсекеге қабілеттілігі ұғымы, біздің ойымызша, жеткілікті дәрежедегі конструктивтілік функциясына ие және бүкіл білім берушілік іс-әрекетін жобалаудың негізі бола алады. Бұл жерде негізқұраушы қасиет-сапалар төмендегідей:

• мақсаттар мен құндылық бағыттардың айқындылығы;

• еңбекқорлық;

• іске шығармашылық қарым-қатынас;

• тәуекелге баруға даярлық;

• тәуелсіздік;

• көшбасшылық қабілеті;

• өзін-өзі үздіксіз дамытуға қабілеттілік;

• үнемі кәсіби тұрғыдан өсіп отыруға қабілеттілік;

• соңғы өнімнің жоғары сапалылығына ұмтылу;

• стреске төзімділік.

Көптеген авторлардың пікірінше, маманның бәсекеге қабілеттілігі ассоциациялық тұрғыда кәсіби ғана емес, жекетұлғалық сфералардағы да жетістіктермен бейнеленеді.

Шын мәнінде де, кез келген өмір саласындағы табысты іс-әрекеттің негізгі психологиялық шарты – бұл *тұлғаның өз-өзіне деген сенімділігі*.

Өз-өзіне деген сенімділікті қалыптастыратын негізгі бағыттар:

1) кәсіби шеберлікті игеру мен жетілдіру;

2) адамдармен қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда адекватты мінез-құлық желісін ұстану;

3) денсаулықты нығайту мен жұмысқа жарамдылық негіздерін ұстану;

4) сыртқы жағымды пішін мен өзіндік имиджді жасау және үнемі сақтау.

Мамандарды ғана емес, кәсіби менеджерлерді дайындаудағы жапондық ерекше тәжірибені қарастыратын болсақ, оның негізіне тұтас педагогикалық концепция алынған. Концепцияның мәні – оқушыларда дағдылардың үш тобын қалыптастыру: технологиялық, коммуникативтік және концептуалдық. *Технологиялық дағдылар* нақты мамандықты игерумен байланысты. *Коммуникативтік дағдылар* – оқушының түрлі адамдармен және өз-өзімен қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді. *Концептуалдық* – белгілі бір оқиғаларды болжай алу өнері, адамдардың үлкен топтарының іс-әрекетін жоспарлай алу және жүйелік талдаулар негізінде жауапты шешімдер қабылдау.

Әдетте, менеджер қабілеттерінің деңгейін анықтаған кезде, оның шешім қабылдай алу, жоспарлау, сұхбаттасу, адамдарды ұйымдастыра алу, қол астындағы қызметкерлердің жұмысын бақылай алу қабілеттерін бағалайды.

Мамандарды дайындаудың жапондық тәжірибесінде басты назар *ойлаудың біртұтастығы* қасиетіне аударылады. «Homo sapiens» (ойлай алатын, ақылды адам) типінен «homo integrans» (біртұтас адам) типіне өту тенденциясы байқалады. Өнеркәсіп орындары өз қызметкерінің өзін-өзі жетілдіруіне көп көңіл бөледі және *алеуметтік-мәдени технология*

*ларды* игеруіне жәрдемдесуге міндетті. Мұндай ұстанымдар білім беру жүйесінен қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыру үшін тұлғаға қажетті қасиеттерді білім беру барысында дамытуды қамтамасыз етуді талап етеді. Нәтижесінде осындай қасиеттер маманға бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндіктер береді.

Америкалық тәжірибені зерттеу барысында мұнда да кәсіби қызметкердің қалыптасқан тиімді моделі бар екенін көреміз. Басшыларға төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, компанияға тиімді қызметкерді айқындауға ұсыныс жасалады:

- 1) кім жұмыстан көп қалады?
- 2) кім басшы тарапынан қысымсыз жақсы жұмыс жасайды?
- 3) кім үнемі жұмысты сапалы әрі уақытында орындап отырады?
- 4) кім егер ұжымға керек болса қосымша жұмысқа әрқашан даяр?
- 5) біреудің жоқ болғаны үшін жұмыс тұрып қалмасын десеңіз ол жұмысты кімге тапсырар едіңіз?
- 6) кім басқаларды өзінің кеңестерімен және жетекшілігімен шаршатпайды?
- 7) кім бастық жоқ кезде де жақсы жұмыс жасайды?
- 8) кім проблема емес, жақсы кеңестерді көбірек береді?
- 9) кім басқаларға үнемі қол ұшын беріп отырады?
- 10) кім өз жұмысын үнемі жетілдіріп отырады?
- 11) кім конфликтілерді басып, әріптестікке бағыттап және ұжымның жақсы моральдық жай-күйін қолдап отырады?

Егер осы қарапайым сауалнамалық модельді бәсекеге қабілетті тұлға дайындаудың негізі ретінде қарастыратын болсақ, онда ол белгілі бір әлеуметтік тапсырыстың функциясын атқарар еді де, жауапкершілік, коммуникабельділік, эмпатия, өзін-өзі дамытуға ұмтылу, тәуелсіздік сияқты сапаларды дамытуға бағыт-бағдар болуға жарар еді.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, жалпы және жоғарғы білім беретін мекемелер түлектерінің қазіргі социумға жедел әрі жеңіл интеграциялануын қамтамасыз ететін тетіктерді

жасақтау – бүгінгі күннің кезек күттірмес талабы. Бұл талап – еңбек рыногы құрылымының өзгеруіне; жағымды типтегі коммуникация негізінде өмірлік қызмет салаларын, тәсілдерін тез өзгертуге бейім маман квалификациясына қойылатын талаптардың күшеюіне; сондай-ақ жұмыс таңдау мен оған орналасудағы жастардың өзіндік жауапкершіліктерінің артуына тығыз байланысты.

### Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. (Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1459 жарлығымен бекітілген): № 5-ші «Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі» бөлімі.

2 Краевский В.В., Хуторской А.В. Предметное и общепредметное в образовательных стандартах // Педагогика. – М., 2003. – № 2. – С. 3-10.

3 Щедровицкий Г.П. Очерки по философии образования. – М.: Наука, 1993. – 117 с.

4 Фруммин И. За что в ответе? Компетентностный подход как естественный этап обновления содержания образования // Педагогика. – М., 2003. – № 3. – С. 23-33.

5 Жадрин М.Ж. Некоторые вопросы развития школьного образования как открытой системы // Открытая школа. – М., 2004. – № 2. – С. 3-6.

6 Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. В поисках практико-ориентированных концепций / Б.С. Гершунский. – М.: Изд-во «Совершенство», 1998. – 608 с.

7 Ерденева Г.Б. Современные требования к профессиональной подготовке педагогических кадров // Образование. – М., 2008. – № 1. – С. 82-86.

8 Краевский В.В., Хуторской А.В. Предметное и общепредметное в образовательных стандартах // Педагогика. – М., 2003. – № 2. – С. 3-10.

9 Таубаева Ш.Т. Государственные общеобразовательные стандарты высшего профессионального образования: методология, теория и технология проектирования в компетентностном формате. – Алматы, 2010.

**А. Айтбаева**

**Конкурентоспособность будущего специалиста как показатель качества вузовской подготовки**

Статья посвящена проблемам конкурентоспособности будущего специалиста как показателя качества вузовской подготовки. Одной из характерных черт концепции компетентности специалиста является повышение роли субъекта в социальных преобразованиях и усовершенствованиях способности его понять динамику процессов развития и воздействия на их ход. Эти требования профессиональной компетентности определяются образовательной политикой государства.

**Ключевые слова:** высшее образование, образовательные программы, конкурентоспособность образования, конкурентоспособность специалиста, проектирование образовательных программ.

**A. Aitbaeva**

**The competitiveness of the future specialist as an indicator of the quality of university training**

The article is devoted to the problems of competitiveness of the future specialist as an indicator of the quality of University training. One of the characteristic features of the concept of competence of the specialist is to enhance the role of the individual in social transformation and upgrading its capability to understand the dynamics of the processes of development and the impact on their progress. These requirements of professional competence are determined by the educational policies of the state.

**Keywords:** higher education, the educational programme, the competitiveness of education, competitiveness specialist, designing educational programs.